



Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Құттықтау!

Татулық пен тыныштықты ту еткен

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын көңілден құттықтаймыз!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», деп 16 желтоқсанның мән-маңызына тоқталған болатын.

Бұл күн ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген тарихи күн болып қалады.

Бүгінде тұрақтылықты, татулық пен тыныштықты ту еткен қазақ елін, бүкіл әлем бейбітшіліктің бесігі деп біледі. Береке мен бірлікті мұрат тұтқан еліміздің аз ғана уақытта жеткен жетістіктері орасан. Бүгінде шекарамыз мығым, іргеміз берік, экономикамыз еңселі әлем мойындаған беделді елге айналды.

Созақ ауданы да тәуелсіздік жылдарымен қатар түлеп, дамудың даңғыл жолына түсті. Халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде аса зор жетістіктерге қол жеткізді.

Қадірлі жерлестер!

Тәуелсіздігіміз баянды, егемен еліміздің көкбайрағы мәңгілік биіктей берсін. Ұлттық мереке—Тәуелсіздік күні құтты болсын! Әрбір отбасыға амандық, саулық, бақыт пен шаттық тілейміз.

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
Аудан әкімі,
Б.БАЙҒАРАЕВ,
Аудандық мәслихаттың
хатшысы.

Мемлекет басшысы ауылдық жерлерді дамыту мақсатында 2023 жылдан бастап елді мекен тұрғындарының әл-ауқатын арттыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылатынын айтты, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Мен Ауылдық аумақтарды дамыту тәжірибемді езірлеуді тапсырдым. Бұл менің жаңа президенттік өкілеттігім басталғаннан кейінгі алғашқы Жарлығым. Келесі жыл ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және тұрмыс сапасын жақсартуға арналады. Тәжірибемді езірлеуге мамандарды, шару-



2023 жыл ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға арналады

аларды және жергілікті қоғам белсенділерін тарту қажет. Ауылды өркендетудің мүлдем тың тәсілдері керек», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ ол мұндай жұмыстарды нақты іске асыру керек деп есептейді. Бұдан бөлек, Президент жайылым мәселесіне де назар аударды.

«Жер – ауылдағы тұрғындардың негізгі табыс көзі. Өкінішке қарай, елді мекендердің төңірегінде жайылым жетіспейді. Шамамен 8,8 миллион гектар жер тапшы. Мемлекеттің тапсырмамен 5,2 миллион гектарға жуық ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл – негізінен, жайылымдық жерлер. Енді Үкімет облыс әкім-

діктерімен бірлесіп, жерді бөліп-тарату үшін мониторинг картасын езірлеуге тиіс. Сол арқылы жайылымдық жерге мұқтаж ауыл халқының жағдайын жасаймыз», деді Мемлекет басшысы.

Президент бірінші кезекте ауыл тұрғындарының мүддесі қорғалуы керек екенін атап өтті.

«Жалпы, «Бармақ басты, көз қысты» дегенді мүлдем доғару қажет. Өзара ымыраланбаған, астыртын шешім қабылдауға болмайды. Жеке-жеке шаруашылықтардың емес, ауыл тұрғындарының мүддесі бірінші орында тұруға тиіс. Ауыл жұртының көпшілігінде жер үлесі бар. Бірақ халық оның игілігін көре алмай отыр. Азық-түлік қауіп-

сіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Биыл біздің елде астық мол шықты. Бірақ егіннің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек. Сондай-ақ тыңайтқыштың қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісін жақсартуға баса назар аудару қажет. Мемлекет жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 миллиард теңгеден астам субсидия бөледі. Соған қарамастан, терең өңдеу өндірісі дамып жатқан жоқ», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

09.12.2022 жыл №23

Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті жиырма екінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті жиырма екінші сессиясы 2022 жылғы 23 желтоқсанда, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Аудандық мәслихат хатшысы **Б.Байғараев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті жиырма екінші сессиясы 2022 жылғы 23 желтоқсанына, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 23 желтоқсанда, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2022 жылғы 23 желтоқсанда, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

- 1.2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы.
2. Сайлаушылар мен депутаттардың айтқан ұсыныс пікірлері мен сын-ескертпелерінің орында-

луы барысы туралы.

3. Аудандық мәслихаттың «Бюджет және экономикалық даму жөніндегі» тұрақты комиссиясының есебі.

4. Аудандық мәслихаттың «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссиясының есебі.

5. Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

6. «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат хатшысы
Б.Байғараев

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай



Тәрбие нәрі тал бесіктен

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай өткізілген аудандық сурет байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтті. Мәжіліс залында марапатталушы азаматтар мен жетекшілері, ата-аналары, белсенді жастар, БАҚ өкілдері аталмыш шараға қатысып отырды. Күн тәртібіне сай конкурстың жеңімпаздарын марапаттау шарасын Созақ ауданы әкімінің орынбасары А.Сатыбалды шараны ашып, жүргізе отырып; «Бүгінгі іс-шараға қатысушы қадірменді ата-аналар, оқушылар мен шара қонақтары, өздеріңіз бұрыннан білесіздер, «9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні» 2004 жылдан бастап жыл сайын атап өтіледі. Бұл атаулы дата қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылы 21 қарашадағы қарарымен бекітілген. Бұл күнді белгілеудегі басты мақсат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге және оның алдын алуға қоғам назарын аудару. Осы мақсатта арнайы шаралар жоспарлары бекітіліп, сол жоспар аясында бүгін сіздермен жарқын көңілде жүздеп отырмыз деді.

Расында біздің елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес тиімді түрде жүзеге асырылып жатыр. Мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыруды, заңнамаларды жетілдіру, қоғамдық бақылау мен азаматтық қоғамды дамыту шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Оның нәтижесінде халықаралық Transparency International коррупцияны қабылдау индексында 2021 жылғы нәтиже бойынша 180 мемлекеттің ішінде 102 орын алған. 2014 жылы еліміз 126 орын алған болса, өздеріңіз көріп отырғандай 7 жылдың ішінде 24 позицияға алға жылжып отырмыз. Ал электронды үкіметтің даму деңгейі бойынша Қазақстан 26 орынды иеленіп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру, жастар шығармашылығын қолдау мақсатында аудан әкімдігі 2021 жылдан бастап «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет конкурсын өткізуді қолға алды. Биыл да дәстүр бойынша конкурс өткізіліп, қоғамға ой салатын жақсы туындылар келіп түсті. Әділ қазылар алқасы суреттердің тақырыпқа сәйкестігі, шығармашылық ойы, орындау техникасындағы шеберлігі, композициясы, туындының эстетикалығы тұрғысында бағалап,

нәтижесін шығарған болатын.

Конкурс нәтижесіне сәйкес анықталған үздік қатысушыларды аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды жекелей марапаттап шықты.

Аталмыш шараның дипломдар мен сертификаттарына ие болған азаматтар: 1 орынды Бейбарыс Алияжанұлы Бәйгебай-«Жанымда жүр жақсы адам» картинасы үшін, Ләнде Бөкенов атындағы жалпы орта мектеп оқушысы, 2 орынды Казаченко Карина Эдуардовна «Әділетті қоғамға – жемқорлықсыз нық қадам» картинасы үшін, Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта мектеп оқушысы; 3 орынды Толғанай Асханқызы Бақытбай «Бақытты болашақ», «Адал ұрпақ» картиналары үшін, Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта мектеп оқушысы иелен-



се, ынталандыру сыйлықтарымен Ұлжан Жансерікқызы Тұрсын «Адал ұрпақ – мәңгілік елдің кепілі» картинасы үшін, Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп оқушысы;

Ернұр Қанатұлы Үсен «Жемқорлыққа қарсымыз» картинасы үшін, Ләнде Бөкенов атындағы жалпы орта мектеп оқушысы, Алина Нариманқызы Құтжанова «Ішкі арпалыс» картинасы үшін, Ләнде Бөкенов атындағы жалпы орта мектеп оқушысы марапатқа ие болды.

Сөз соңында аталмыш шараны қорытындылаған Созақ ауданы әкімінің орынбасары А.Сатыбалды: «Қымбатты жас суретшілер, бүгінгі марапаттау рәсіміне қатысушылар! Сіздердің осынау туындыларыңыз қоғамға едәуір ой салатыны сөзсіз. Бұл ретте Сіздерге бағыт-бағдар беріп, тәлімін үйреткен көркемдік жетекшілеріңіздің де еңбегі зор. Бүгінгі марапаттарыңызбен құттықтай отырып, Сіздерге мол шығармашылық табыс пен шалқар шабыт, зор денсаулық тілеймін. Тәуелсіз Қазақстанымыздың келешегі кемел болсын! – деген ақ тілекпен шараға қатысушыларға толағай табыстар тіледі.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

«TURAN JASTARY» ФОРУМЫНДА ОБЛЫС ЖАСТАРЫ ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ

Ағымдағы жылдың 25-26 қараша аралығында Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасының тапсырыс беруімен «ЖАЛЫН» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Turan zhastary» атты іс-шарасы өтті.

Шараның мақсаты - жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттік ұйымдарымен жастар ұйымдарының бірлескен тәжірибе алмасу алаңын құру.

Екі күнге созылған шара «Тау самалы» демалыс аумағында ұйымдастырылды. Жалынды жастардың басын біріктерген шараның ашылу рәсіміне

дында сөйлеу, NEET жастармен жұмыс жасау бойынша ұсыныс, сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ мемлекет және жастар сынды тақырыптарда қызықты ақпараттармен бөлісті. Ал шараның хедлайнері Сәкен Бибосынов қызығы мен қиындығы қатар жүрген өз спорт жолын айтып, жастарға үлкен мотивация бере алды.

Пайдалы тренингтерден кейін жастар кешқұрым «Домбыра party» шарасына қатысып, өз өнерлерін көрсетуге мүмкіндік алды. Жастар қоңыр үнді домбыра күйін тыңдап, гитарамен әуезді ән шырқады.



Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы басшысы орынбасары Бахыт Сәрсенбайұлы Ахымбетов пен Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселелері жөніндегі бөлім басшысы Нүркен Бауыржанұлы Аралбеков және «ЖАЛЫН» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Құрмет Керімбеков қатысты.

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Тұран жастары» шарасы тәжірибе алмасу алаңы. Осы екі күнде сіздер бір-бірлеріңізбен тәжірибе алмасып, жаңа достар табады деп үміттенемін. Аталған шара әлеуметтік, кәсіптік, білім-дағдылық дамуларыңызға өз үлесін қосады деп сенеміз, - дейді Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы басшысы орынбасары Бахыт Сәрсенбайұлы Ахымбетов.

Шара аясында білікті спикерлер көкейкесті мәселелер бойынша семинар

Ал шараның екінші күнінде жастарға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мини-футбол ойыны өтті. Сайыс нәтижесінде жастардан құралған командалар легі өте тартысты ойын көрсетіп, жеңіске жеткен топ қаржылай сыйақыға ие болды.

I орын - «13 регион» командасы 200000 теңге сыйақы;

II орын - «Тұран жастары» командасы 150000 теңге сыйақы;

III орын - «Жетісай» командасы 50000 теңге сыйақы;

IV орын - «Бауырлар» командасы 50000 теңге сыйақы.

Ал «Үздік ойыншы» номинациясымен Сейсенбаев Сәулет, «Үздік Қорғаушы» номинациясымен Сапатай Мардан марапатталса, «Жартылай қорғаушы» Бектаев Ернар, «Үздік Шабуылшы» Мұхтарұлы Әсет атанды. Сондай-ақ, «Үздік Қақпашы» номинациясымен Қайрат



тренингтер өткізді. Спикерлер қатарында:

Отырар телеарнасының жүргізушісі, диктор Жанат Тоқтарбай мен Жанерке Құмар, Олимпиада чемпионы Сәкен Бибосынов, қоғам белсендісі Данияр Алан және Түркістан облысы қоғамдық кеңесі мүшесі Құрмет Керімбек, сондай-ақ Түркістан облысы, жастар ресурстық орталығы басшысы Ерасыл Төлебаев, заңгер Ермек Бекбосынов, блогер Асхат Шотаев болды.

Әр спикер киберпсихология, қоғам ал-

Ақтөре және «Үздік Капитан» номинациясына Әбдес Рахман ие болды. Ал «Үздік гол» соғушы Ибрагимов Ибраим атанды.

Форум соңында қатысушылардың облыс жастарына арналған Резолюцияны қабылдап, жастарды «Turan zhastary» платформасына белсенді қатысуға, облысымыздағы жастардың әлеуметтік, кәсіптік, білім-дағдылық дамуына өз үлесін қосуға шақырды.

Мадина НАРИМАН.

ДЕПУТАТТАР

жергілікті тұрғындармен кездесуде

Созақ ауданы мәслихаты өзінің Конституциялық өкілеттігін депутаттық корпус арқылы мәслихат аппараты қызметкерлерімен бірлесе отырып, арнайы жұмыс жоспарын құрып, аудан әкімі аппараты, мемлекеттік мекемелері және ауылдық округтерімен тығыз байланысты жұмыс жасайды. Аудандық депутаттық корпусымен атқарушы орган арасында еркендеудің перспективалық жоспарлы, түрлі салалар бойынша экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар қабылданып, олардың орындалуына бірлесе жүйелі жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ аудандық мәслихат



депутаттары тікелей депутаттық өкілеттіліктерімен қатар, аудан әкімдігінің жанынан түрлі консультативтік кеңесші органдардың және де ауылдық округтердегі әлеуметтік мәселелерге байланысты құрылған комиссия құрамына кіре отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жұмысына белсене араласады.

Созақ ауданы мәслихатының депутаттары кестеге сәйкес Жартытөбе, Құмкент ауылдарында болып, жергілікті тұрғындармен кездесіп, атқарылған жұмыстар баяндалып, өркін тақырыпта ашық диалог жасап, ұсыныс пікірлер ортаға салынды. 2022 жылдың басынан аудандық мәслихат депутаттары ресми кестеге сәйкес екі рет, бейресми бірнеше мәрте әр маусымда жергілікті тұрғындармен кездесулер өткізді. Айта кеткен жөн болар, аудандық мәслихат депутаттары ресми, жаз-



баша сауалмен аудан әкіміне тағы басқа тиісті орган, мекеме басшыларына мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша депутаттық сауалдар жолдап, олардың орындалуын тұрақты түрде назарда ұстайды. Атап айтар болсақ, білім саласына-5, құрылыс-2, денсаулық саласына-3, көлік, жол, жарықтандыру салалары бойынша-5 депутаттық сауал жолданған. Ағымдағы жылы 8 рет аудандық мәслихаттың сессиясы болып өткен болса, оның ішінде 3 кезекті, 5 кезектен тыс сессиялар болып табылады. Кезекті сессияда алдын ала жоспарланған атқарушы органдардың басшыларының және ауылдық округтері мен кент әкімдерінің есептері тыңдалды. Аудандық мәслихатқа биылғы жылы 21 өтініштер мен ұсыныстар және арыз шағымдар келіп түскен болатын, оның 17 нақты жауап берілген. Ал төртеуі аудандық мәслихат құзыретіне жатпайтындықтан тиісті мекемелерге жолданып, ол бойынша жауаптар алынды.

Депутаттар жыл бойы аудан әкімдігіне және облыс басқармаларына қарасты бөлім, мекемелер атқарып отырған жұмыстарға жіті назар аударып, аралап, көріп, қадағалау жасайды. Жергілікті халықпен ашық түрде пікір алмасып, ортақ ой, жоспар, ұсыныстарды үнемі назарда ұстайды. Депутаттардың халықпен кездесулері барлық ауыл округтерінде жалғасын табуда.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Созақ аудандық мәслихатының депутаты.

Тәуелсіздік тартулары



Аудандық қоғамдық кеңес марапатталды

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агентігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Түркістан облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің іске асырылуына және қоғамда адалдық құндылықтарын нығайтуға қосқан үлестері үшін Созақ аудандық қоғамдық кеңесін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агентігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі) Түркістан облысы бойынша департаменті басшысы Қ.О.Қожахметов арнайы грамотамен марапаттады.

Марапаттарыңыз құтты болсын! Игілікті істеріңіз баянды болып, ауызбіршілік пен ынтымақта аудан жұртшылығына қызмет ете беріңіздер!

«Созақ үні»-ақпарат.

Ұланымыз аудан намысын қорғады

Кір тасынан ауданымыздың, облысымыздың атын республикамызға, қала берді шет елдерге танытып жүрген Мақсатұлы Бақыт Шолаққорған ауылында 2005 жылы 28 маусымда дүниеге келген. Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушысы. Отбасында әкесі Ба-



тырбеков Мақсат өндіріс саласында жұмыс жасаса, анасы Тәжібекова Жанар үйде бала тәрбиесімен айналысып келеді. 2020 жылы Ақтөбе қаласында өткен чемпионатта «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер» атанса, сол жыл Шардара қаласында қаласында өткен чемпионатта Қазақстан Республикасының күміс және қола жүлдегері болды. 2021 жылы Қазақстан Республикасының Көкшетау қаласында өткен Азия чемпионатының қола жүлдегері, 2022 жылы Қырғызстан Республикасының Бішкек қаласында өткен әлем чемпионатының «Қола жүлдегері», 2022 жыл «Жастар жылына» орай ұйымдастырылған облыстық чемпионатта 1 орын жүлдегері атанған, болашағынан зор үміт күттірген талапты жас. Сынып жетекшісі Әбілхайырова Жазира, спортқа алғашқы баулыған ұстазы Отаубаев Нұрбол. Қазіргі таңда Бақыт баламыз Серікбаев Мұрат ағасының қол астында жаттығып жүр.

Алмас АШТАРХАНОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.

Шолаққорған ауыл округ әкімі есеп берді

Желтоқсан айының 6 күні Шолаққорған ауыл әкімдігінің мәжіліс залында Әділ Елібаевтың жергілікті халықтың алдындағы есеп беру кездесуі өтті. Қазақстан Республикасының Прези-



денті 2022 жылдың 3 наурызындағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлыққа қол қойған болатын. Міне, сонан бері облыс, аудан және ауыл әкімдерінің барлығы тоқсанына бір рет шығып, жергілікті халықтың алдында есеп беріп келеді. Есептік кездесуге Шолаққорған ауылының тұрғындары, жергілікті қоғамдастықтың мүшелері, ауыл және мал шаруашылығының төрағалары және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты. Шолаққорған ауыл округ әкімі Әділ Камалұлы 2022 жылдың 11 айында атқарылған жұмыстарға тоқталып, 2023 жылы атқарылатын жұмыстарды баяндады. Ауыл округ әкімінің есебін тыңдаған көпшілік көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Жалпы, тұрғындарды толғандырған мәселе ауылдың инфрақұрылымына қатысты болды.

Тұрғындардың көтерген тағы бір мәселесі Шолаққорған ауылындағы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің меншігіндегі баудың жайы болды. Бүгінде тұрғындардың айтуына сол бау қараусыз қалып, әбден тозуға айналған. Алайда бұл мәселенің ауыл әкімдігіне тікелей қатысы жоқ. Себебі аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бүгінде облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасына қарайды. Ауыл округ әкімі Әділ Елібаев,



көтерген мәселенің орынды екеніне тоқталды. Алдағы уақытта аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі басшылығына баудың тазалық және көркейту көгалдандыру жұмысын жүргізуге ауызша әрі жазбаша ескертетінін жеткізді.

Ауыл әкімінің есебіне ауыл тұрғындары белсенді қатысып, ауыл ардагерлері ұйымының төрағасы Бүркіт Арынбеков, ауыл тұрғындары Амалбек Мұсабек, Жолдасбек Талымов, Бекберген Ізбалаев, Нұрлан Бакенов пікірлерін білдірді. Жиын соңында, Шолаққорған әкімінің бүгінгі есебі қабылдандансын деп қоғамдастық қарар алды.

Данияр БЕК.

ЕЛДІК ШЕН ЕРКІНДІК

1991 жылғы 16 желтоқсан! Қазақ елі тарихындағы ақжарылқап сәтті туғанын күллі әлемге айғақ еткен ең ұлы күн. Бұл – сонау сақ, ғұн, түркі, қыпшақ замандарынан бері уақыт көшімен бірге жарысып келе жатқан, сол ұзаққа созылған ұлан жолдардың табанында мың өліп, мың тірілген халқымыздың шежіресінде алтын әріптермен айшықталып жазылатын аяулы да ардақты күн. Бұл күні біз өзімізге сом білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен кеңдігінен ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын осынау ұлан-байтақ даланы аманат етіп, еншімізге қалдырып кеткен ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаумен өткен асқақ арманына қол жеткізіп, қазіргі заманғы тәуелсіз мемлекеттік құрылым құруға қарай батыл қадам бастадық.

Бабалар арманын бұдан үш ғасыр бұрын өмір сүрген әйгілі Ақтамберді жырау:

Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,

Өз алдына ел қылсам! – деп төгіп өткен жыр жолдарымен де анық аңғартып еді. Сол арманға, сол мақсатқа екі ғасырдың тоғысар тұсында бақ қонып, қыдыр дарыған асыл бабалардың арманына бүгінгі ұрпағы жетті. Үміт, төзім, сабыр, жігер деген қасиетті рухына ерген қасиетті халқымыз армандар мәресіне жетті. Ғасырлар бойы тәтті қиял, тәтті сөз болып қана келген тәуелсіздік енді текті сөзге, күнделікті қолданыстағы қасиетті ұғымға айналды. Тәуелсіз ел, азат ұрпақ, Тәуелсіздік сарайы, Тәуелсіздік алаңы, Тәуелсіздік даңғылы, Тәуелсіздік феномені санаға сәуле түсіретіні анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек. Көрші мемлекеттің азаматтары шетелге барып, жұмыс талғамай еңбек етіп жатыр. Олар біздің елде де өте жақсы табыс тауып жүр. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн. Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті. Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек.» деген уытты сөздері көңілге шуақ сыйлағандай есер береді.

Бүгінгі игілікті заман, жемісті берекелі күннің баршасы Тәуелсіздігіміздің арқасы. Ата-әжелерім «Е, құдай бейбіт күннің, нұрлы таңыңды, ынтымағыңды бер!»», «Соғыс-



тан, төтеннен келетін тажалдан сақта!» «Патшамызға сабыр бер, халқымызға тыныштық бер!» дегенді жатарда да, күндіз жүріп-тұрғанда да ауыздарынан тастамайтын. Тәңірден тыныштықтан басқа ешнәрсе сұрмайтын. «Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді» дегендей кешегі қаңтар қақтығысымен әлемге әйгіленіп аттары шыққан жас буынды құптай алмаймын.

«Не ішемін?, не жеймін?» деген сауалы жоқ заманда арандатушылыққа, түрлі лаңкестерге ере кету тобырға тән жат қылық. Салиқалы, саналы тірлік емес дер едім.

Кеңестік заманда теледидардан ғана көретін демонстрация, митингі, ашық жариялау, төңкеріс, билікті басып алу, есірткі, нашақорлық, аса қатыгездікпен кісі өлтіру, атыс-шабыс тек шетелдік, капиталды мемлекеттерде болатын қиыс үрдіс бізге де келе бастағандай болады. Алды келіп те жатыр Тәуелсіздігімізді ұстап қалу, айырылып қалмау үшін бізге ең бастысы бірлік деген бір тудың астында, ынтымақ пен ауызбіршілік деген ұранның аясында бірге болуды мақсаттауымыз керек.

Желтоқсанның шыңылтыр, ақ қарлы, көк мұзды күндері елдікті ұран еткен қазақ жастарының жалынды серпілісі еркіндіктің жолына сұрлеу салған ұлы серпіліс еді. Бүгінгі күні сол желтоқсан көтерілісіне 36 жыл, Тәуелсіздігімізге 31 жыл толғалы отыр. Созақ ауданында 20-ға жуық желтоқсан ардагерлері бар. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан ардагерлер өз ісін міндетсінбей, керісінше азаматтық парызы санайды. Әрбір азамат өзінің ерлікті ісін, азаматтық міндетін парыз тұтуы тиіс. «Мемлекетіме мен не бере аламын?» «Қолымнан не келеді?» деген сауал санада бірінші кезекте тұрғаны ләзім. 1993-95 жылдары Созақ ауданында желтоқсан ардагерлері бар болғаны 8-9 қыз-жігіттер ғана болатын. Оңға да жетпейтін. Ол уақытта кеңестік жүйенің салқыны кетпеген. Әлі де кеңес өкіметі қайта орнайтындай қорқыныш бар. Желтоқсанға қатыстың деп ертең басыма қара бұлт үйірілсе не істеймін?» деген үрей әр адамда болды. Сол себепті ешкім желтоқсанға қатысты деп айта алмады. Сол кезде Гүлнар, Есенқұлова, Ержан Бидәулетов, Жәнібек Сәрсенбиев, Асан Әлмаханов, Қанат Бекжанов, Гүлмира Нұркелекова деген қыз-жігіттер алдыңғы сапта болды. Кейін бір-екі азамат өз еріктерімен өтініш жазып бірлестік мүшесінен шығып кетті. Ол әркімнің жеке ісі болғандықтан біз қарсылық білдірген жоқпыз. Қазіргі таңда желтоқсан ардагерлерінің алды 66 жаста болса, ең жасы кішілері

52-53 жаста екен. Былайша айтқанда жастары егде тартып, ақыл парасаттары толысқан жандар. Зейнет жасындағы төрт зейнеткеріміз бар. Жиырма ардагеріміздің 7-і әйел баласы, 13 ер азаматтар. Сондай-ақ олардың ішінде 4-дәрігер, 6-ұстаз, 3-өндіріс мамандары, 4-зейнеткер, 3-түрлі салада қызмет атқарып жүрген азаматтар. Осы отыз жылға жуық уақыттың ішінде бірлестік мүшелері 20-ға толықты. Төрт азаматымыз сол көтеріліс кезінде алған тән жарасы мен жан жарасы салдарынан өмірден озды. Асан, Қанат, Бақытбек Айтбай есімді азаматтардың жандары жәннатта болсын! Бірнеше азаматтарымыз аудан аумағынан тыс жерлерге отбасы жағдайларына байланысты көшіп кетті. Олар сол мекен етіп жатқан аудан, қалалардағы желтоқсан ардагерлі ұйымдарының тізімінде деп ойлаймын.

Біз Тәуелсіздікті сан ғасыр арман еткен елдің ұрпағы ретінде қан мен жан берген есіл ерлердің рухы алдында пендешілікке салынбай жастарға отаншылдық, туған жер, өскен ел, ата салтымыз бен дәстүріміз, тіл, діл, дін, мәдениет, тәрбие, өнеге, мұра, ұлттық рух тұрасында насихатшы болуымыз керек. Әрбір желтоқсан ардагері өзгелерге үлгі, өнеге болуы тиіс. Ауылдар мен елді мекендерде, мектептерде, тәрбие ошақтарында ерлік пен елдік, отаншылдық басты бағыт болып саналады. Ал оның шырақшысы болуға тиіс желтоқсан ардагерлері аудан көлеміндегі сенбілік жұмыстары, тазалық, көріктендіру, көгалдандыру, әскерге шақыру, спорттық-мәдени шаралар, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке үндейтін барлық істерде көшбасшы болуы міндетті. Еркіндік пен егемендіктің қайнар көзі ауылда, ынтымақ пен ырыстың ошағы ауылда.

Руға бөлініп арыз жазып, бірін-бірі түртпектеп, өсек, аяң, аяқтан шалып, басшыға қосшы болудың орнына топшыдан қағып топ-топ болып тобыр құру елдікке татырлық іс емес. Кемшілік болса бірге түзетіп, ақыл-кеңесін, білгенін айтып жол көрсетудің орнына кейбір қарияларымыз қазымырлық танытып, әрбір жазылған арыздардың басында арбыны аты-жөндері жүргеніне не жорық? Сол ауылдардағы қарияларымыз санатында кеше ғана мектептен, шаруашылықтан, басқа да түрлі мекемелерден абыроймен зейнетке шыққан, көзі ашық, көкірегі ояу кісілер. Сол азаматтар жалау болып, ақылшы болып ауыл, аудан басшыларының айналасында бірге жүріп, алауыз болмай, ауызбіршілік пен ынтымаққа жұмыс жасаса қандай

жарасар еді. Сол себепті желтоқсаншы ардагерлер тек ынтымақ пен бірліктің қадау-қадау тірліктің ұйытқысы бола береді деп ойлаймын.

Біз жалпы ауданда құрылған «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі негізі сонау 1993-1994 жылдан бастау алады. Сол уақытта осы бірлестіктің бастамашысы аудан басшысы болды. Тәуелсіздіктің ақ таңындағы алғашқы қоғамдық бірлестік болатын. Осы ұйымға желтоқсаншы қыз-жігіттер мүшелікке кірді. Бүгінде іргелі бастамашыл ұйымға айналды. Бізге сан емес сапа керек. Бізге медаль іздеген, үкіметке алақан жайған адам емес, ардагер, абыройлы азаматтар керек. Таукент, Қарағұр, Жартытебе, Шол-аққорған, Сызған ауылдарында тұрып жатса да бүкіл ауданның ауылдары мен кенттерінде, оқу орындары мен мекемелерінде болатын іс шараларға шақырылып жатса ешқайсысы қалыс қалған емес. Сонымен қатар, осы тұста айта кететін мәселе бірлестіктің жұмысынан бөлек көбіне мектептерде, ұйым, мекемелерде желтоқсан ардагерлерін тек желтоқсан айының 10-15 аралығында шақырып, кездесу, дөңгелек үстел сияқты іс-шаралар өткізіліп жатады. Бұл сырт қараған адамға есеп үшін жасалған немқұрайлы дүние екені көрініп тұрады. Жауапкершілік жүгі де таяу, ауқымы тар, өтті ме өтті деген ұғымға салды. Неге бұл жыл он екі айға жұмыс жасамаймыз. Осы сұрақты басшылыққа ала отырып шаралар ұйымдастыру бірлестіктің басты міндеті болмақ. Өздеріңіз бұқаралық құпарат құралдары беттерінде ақпарат оқып-біліп, көріп жүргендей әлемде нендей жағдай болып жатқанынан хабардар шығарсыздар. Сол себепті Тәуелсіз еліміздің діңгегін дірілдетіп, шаңырағын шайқалтуға тырысып тырнағын бүгіп, көз алмай отырған жаулардың нені көкеспей отырғаны белгілі. Ол ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, алпыс айналы ақылымен, пайым парасатымен, көзсіз батырлығымен, қызыл тілді шешендігімен қорғап қалған кең байтақ жері, суы, тауы, орманы, жер асты байлығы екені даусыз. Олардан айрылсақ діл мен тіл, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, өнер, ұлттық қадір-қасиетіміз қоса жоғалатыны анық. Сол себепті, досқа күлкі, дұшпанға таба болмауымыз үшін кейінгі ұрпақты базаршыл емес-білімді, масылшыл емес-мақсатшыл, сегіз қырлы бір сырлы азамат етіп тәрбиелеу. Жыл сайын аудан әкімдері желтоқсан ардагерлерін қабылдап, олардың ой-пікірлерін, ұсыныстарын, тың жобалар мен көкейлерінде жүрген оңды сауалдарымен бөлісіп тұратын. Ол үрдіс 1995 жылдан бастау алды Қ.Айтханов, С.Әбдіқұлов, М.Исаев секілді басшылар желтоқсан ардагерлерін жеке қабылдаулар жасап құрмет көрсетіп жүрді.

Сөз соңында айтарым Тәуелсіздігіне сіз бен біз куә болып жүрген егеменді де ерікті, еркін де Тәуелсіз еліміздің баянды ғұмыр кешіп, әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер сапында жүруіне біліміміз бен парасатшылығымызды ақылымыз бен күш жігерімізді аянбай жұмсап қызмет жасайық. Болар елдің баласындай болымды болуға құлаш сермейік, өсер елдің баласындай өсімді болайық. Бабадан бата алған баталы ұл болайық! «Бота бір жұттық, бата мың құттық», «Баталы ер арымас», «Атаның батасы ақыл, ананың батасы шуақ» демекші шуақты да шырақты болайық!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Желтоқсан айының екінші бейсенбісі күні, Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Асылдың көзі...» жобасы аясында өтілетін кезекті шараның бірі-Созақ өңірінің тумасы, ақын, жазушы, аудармашы, тарих, әдебиет зерттеушісі, Созақ ауданының Құрметті азаматы Дулат Тұрантегіні еске алуға арналған кеш өтті.

Кешті ақын, аудармашы, «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Гүлнар Өмірбек жүргізіп отырды. Кештің шымылдығын Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапхананың директоры, ф.ғ.к Анар Абусайылқызы ашып, келген меймандарға



тарына, болашағына арнаған жазушы, ақын, зерттеуші тұлғаның өмірі мен мол шығармашылық мұрасын ұрпаққа дәріптеп, үлгі етіп көрсету мақсатында ұйымдастырылған кеш өз мақсатына жетті деп ұғындық.

Кітапхана басшысы, айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты Жаппарқұлова Анар Абусайылқызы қорытынды сәтте сөз алып Созақ ауданынан келген меймандарға, жалпы қонақтарға, ақын атамыздың ұрпақтарына кітапхана ұжымы атынан ақжарма алғысын білдірді. Айта жүрер айтулы шараның алдағы уақыттарда жалғасы болатынына сеніммен көз жеткізген теріскейліктер шалғайдағы ауылымызға қайтуға атқа қондық.

ӘЛ-ФАРАБИДЕГІ АЙТА ЖҮРЕР АЙТУЛЫ ШАРА



шара бағдарламасын таныстырып өтті. Кітапхана қызметкері, айтыскер ақын Мейіржан Жақыпов өз арнауымен кеш ажарын аша түсті. ОҚМПУ, «АЛҚА» шығармашыл жастар ұйымының студенттері Дулат Тұрантегінің өлеңдерінен әдеби композиция орындап елдің ыстық ықыластарына бөленді.

Шырайлы Шымқаладағы айтулы шараға ақын, К.Симонов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Нармахан Беғалылы, Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Орынтаев Бауыржан Орынбасарұлы, ақынның досы, әрі қызметтес жерлесі, Созақ ау-

Ниязәлі, аудандық «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Қарғабай Мақсат, журналист, «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газетінің қызметкері, сатирик, жазушы Сабырбек Олжабай, белсенді жастардың атынан Пернебай Балгерім қарындасымыз, жазушы Захардин Қыстаубаев, фантаст-жазушы Сарманбай Исақ, жазушы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Зылиха Жантасова жүрекжарды лебіздерін білдіріп, ақынның ұрпақтарына ақ алғыстарын айтты. Еске алу шарасында сондай-ақ «Болашақ» колледжінің студенттері және автордың немересі Ибадулла Дидар, кітапхананың кадр бөлімінің басшысы Динара Тұрмаханова Дулат Тұрантегінің



данының Құрметті азаматы Тұрысбеков Сексенбай, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Асқаров Мыңжасар, Созақ аудандық ішкі саясаттың басшысы Райымқұлов Ерлан, шәкіртері С.Қожанов атындағы музейдің директоры, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Дүйсенбек

шығармаларынан өлең оқып, ән салып өз өнерлерін көрсете білді. Әсіресе ақын атамыздың қатарластары, замандастары көзін көрген Сексенбай, Нармахан, Мыңжасар, Захардин көкелеріміздің әсерлі әңгімесі жас буын ұрпақтың көкейлеріне қона түскенін шыбынның ызыңы естілмей ұйып тыңдағандарынан байқадық.

Дулат Тұрантегімен замандас,

қатарлас болған болған зиялы қауым өкілдері өз естеліктерімен бөлісе отырып, өткен жылдар белесіне оқырман қауымды бірге жетеледі. Кеш барысында Созақ аудандық С.Қожанов атындағы музейінің қорынан әкелінген Дулат Тұрантегінің жеке мүйісі мен кітапхана қорындағы автордың кітаптарынан дайындалған кітап көрмесі мен кітап инсталляциясы көпшілік назарына ұсынылды.

Түс әлетінде келген меймандарға ақын ұрпақтары дастархан жайып, ақын, аудармашы Дулат Тұрантегінің рухына құран бағыштады.

Бүгінгі өскелең ұрпаққа таудай болған тұлғаларымызды тереңірек таныстыра отырып, олардың өз ұлтының асыл азаматтарын құрметтеуге, ұлтын сүйуге тәрбиелеу, әдебиет пен мәдениет, елі мен жері үшін тарпаң мінез танытып, өз ұлтына қалтқысыз қызмет ете алған арда азаматтардың есімін жаңғырту, бүкіл болмыс-бітімі, өмірі өз ұлтының жас-

Рақмет Созақтың ерлеріне!

(Дулат Тұрантегінің рухына арнау)

Тыңдаса жиылған жұрт жарандарым,
Ақынның арнау шығар амалдары.
Ассалаумағалейкум армысыздар,
Қазақтың алынбайтын қамалдары.
Жүздері тұнып тұрған нұр болған соң,
Туысқаным сияқты маған бәрі.
Шараға аман-есен келдіңіз бе,
Шырайлы Шымкенттей қаламдағы.
Тұрантегі Дулатты еске алуға,
Тұғырлы Тұрандайын даламдағы.
Ескінің көзін елеп-ескеретін,
Жаңа Қазақстанның адамдары.
Кемейге тұрғаннан соң кептеліп жыр,
Демеңдер ақын ұлық шеттеніп жүр.
Дулаттайын атамды жырға қосам,
Еңбектері ойыма көп келіп жүр.
Алпыс жыл бұрын жазып сызғандары,
Қазіргі бұл қоғамға дөп келіп жүр.
Тарих пен әдебиет зерттеушісі,
Білеміз ақын болып төккенін жыр.
Тарихыңа өлшеусіз үлес қосқан,
Әдебиетке еңбегі көп болып жүр.
Тарихтың зерттеушісін көрдіңдерме,
Өзі де тарих болып зерттеліп жүр.
Басына көп түссе де сынақ-қайғы,
Атамыз алты қырды бір аттайды.
Қарымды қаламгердің еңбектері,
Жаныңды қалай ғана қуантпайды.
Бірнеше хандар менен батырларға,
Ескерткіш қойылса деп сыр ақтайды.
Көтерген дәл осындай бастаманы,
Атамды қалай халқы ұнатпайды.
Елін сүйген ер елге жақын жүрер,
Елін сүймес ер елден жырақтайды.
Тарихқа жасап жатқан құрметі үшін,
Құрметті азамат боп тұрақтайды.
Мінекей дәл осындай Дулат атам,
Рухани күшіңді қуаттайды.
Ескерткішке жасаған еңбегі үшін,
Еңсесін ел ешқашан құлатпайды.
Атамыз алғыр, әрі арлы адам ғой,
Ел үшін жер-жаһанды шарлаған ғой.
Ақын болып туғасын анасынан,
Тамырын туған жердің аңдаған ғой.
Қазақ әдебиетіне қызмет жасап,
Қажырлы еңбек еткен, талмаған ғой.
Тарихымды зерделеп зерттеп жазып,
Кешегі мен бүгінді жалғаған ғой.
Көрмеген бейнеті де қалмаған ғой,
Көрмеген зейнеті де қалмаған ғой.
Ал еңдеше әлеумет бұрып басын,
Асылдың аяласын сынық тасын.
Рақмет Созақтың ерлеріне,
Атасын ардақтасын ұлықтасын.
Рақмет өскелең жас ұрпаққа,
Өткеннің өнегесін құнттасын.
Асылдың көзі дейтін осы жоба,
Өзінің биігінде тұрып қасын.
Жақсы болсын ол мейлі жаман болсын,
Қауатпай өткендердің құлыптасын.
Атасына не қилас өздерінің,
Алдына сол келерін ұмытпасын.

Мейіржан ЖАҚЫПОВ,
Қалалық Әл-Фараби атындағы ғылыми-әмбебап кітапхана қызметкері.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ер азамат елге тіреу болса игі...

Бүгінгі заманда ақпараттық технологияның жаңарған құрылғыларын дұрыс пайдалана білсе оның елге тигізер пайдасы зор екені күмәнсіз. Өткен жолы Құмкент ауылында өткен Ерлан Тұрабаевты еске алу турнирінде ауыл ақсақалдары шараның салтанатты сәтінде де, құран бағышталған дастархан үстінде де Берікғани деген жігіттің есімін сөз арасында жиі атады. Үзілістерде әлгі қариялар айтқан Берікғани есімді азаматты іздедім. Сөйтсем, себепті жағдайлармен шараға келе алмапты. Берік осы турнирдің республикалық деңгейде өтуіне ат салысып қаржылай көмегін көрсеткен, атап айтқанда спорт кешеніне 1 млн теңге үлес қосып, одан кейін Ерекеңнің отбасына да қаржылай қомақты қолдауын жасаған екен. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші, елге, туған жеріне бір жақсы азамат жақсылық жасаған екен, қолындағы барымен бөліскен екен, неге елге айтпасқа! Неге оны өзгелер үлгі тұтпасқа деп ұялы телефонмен хабарлашып, замана құрылғысының бар мүмкіндігін пайдалануға тырысып, содан кейін еріксіз қолыма қалам алдым. Әрине, мақала әзірлеуіме Беріктің қарсы боларын да сездім. Өнегелі істің мәні насихат пен ізгілікке үндеу болса керек. Десе де елдің қамын ойлаған жігіт сөзімнің мәнісін түсініп сұқбаттасуға көнді. Сонымен бүгінгі «Жерлестерімізбен мақтанамыз» айдарының қонағы Шымкент қаласындағы «Электро Сервис Гарант» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы, әрі бас директоры Берікғани Көшеров.

«Біз Шымкент қаласындағы бірнеше электро монтаждау мекемелерінің біріміз. Ұжымымызда 43 азаматты жұмыспен қамтамасыз етіп отырмыз. Ұжым электромонтаждау жұмысын атқарады. Темір бетонды бағаналарды өзіміз әзірлейміз, орнатамыз, кабелді желілер тартамыз, тіректерді бекітеміз. Трансформаторлар қоямыз. Трансформаторларды Кентау қаласынан сатып аламыз. Ал қораны өзіміздің цехта жасап шығарамыз. Ішіне түрлі бөлшек заттарын, автоматтарын, вольтметр, амперметрлерін, жалпы барлығын өзіміз жасап шығарамыз. Кәдуілгі көшелерде тұрған бағаналарды тұрғызудан бастап үйге кіргізуге дейінгі процестерді атқарамыз. Яғни, шкафқа дейін, электроөсептегішке дейін біздің жұмысызға кіреді. Қазақстан бойынша рұқсат қағазы-лицензиямыз бар. Лицензия дегеннің өзінің категориясы болады. Алдымен фирма ашылады. Ол қалыпты жұмыс істеп жатқанда үшінші категория беріледі. Одан бес жылдан соң екінші категория береді, тағы да үш жылдан кейін бірінші категориямен жұмыс атқарады. Онда да санға емес сапаға жұмыс жасау керек. Сонымен қатар, жұмыс мөлшерін

қарайды, сондай-сондай өзінің талаптары бар. Категориядан категорияға өтудің де өзіндік қиыншылықтары болады. Созақ ауданында да бірнеше жерлерде жұмыс жасадық. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлын жақсы танимын. Білімді, іскер азамат. Өзі ауданға кім болып келгеннен соң екі-үш айдан кейін Наурыз мейрамында кәсіпкер ретінде жұрт қатарлы арнайы құрметтеп шақырды. Бізді «Қазтрансойл» мекемесі тіккен киіз үйде, ұлттық ас мәзірлері толы дастарханы жайылған, концерттік бағдарламасы ерекше жағдайда күтіп, құрмет жасады. Наурыз меркесі жоғары деңгейде өтті. Азынаулақ тілектер айтылды. Мұханның өзі екі-үш ай болса да ауданның тумасы болған соң, аудан жайлы, оның тыныс-тіршілігінен хабары мол азамат екенін көрсетті. Шолақорғанға кіре берістегі аркадан өткен соң сол жақтағы біркелкі салынған үйлері бар көшеге, Сұлтанбек Қожановтың музейіне, жастар орталығына подстанциясын орнатып, электр желілерін, түрлі монтаждау жұмыстарын жүргізуде біздің мекеме атқарған болатын. Сондай-ақ аудандағы бірқатар мектептер мен балбақшаларда біздің қолтаңбамыз бар екенін мақтанаш тұтамыз. Жоғары да айтқанымыздай біз ғимараттың ішкі жұмыстарын жасаймыз. Соған дейінгі жұмыстарды санмен емес, сапалы жағдайда атқару болып табылады. Кабель, электр сымдарын жүргіземіз. Өзіміздің техникамыз, керекті мамандарымыз бар, тіпті аспазшы, күзетшіге дейін қамтылған. Электромонтаждаушы, дәнекерлеуші, слесарь, білікті электриктер мен көлік жүргізушілер бар. Мекеме ауыр жүк көліктерімен, шаланг, кран, трактор сияқты техниканың барлық түрлерімен қамтылғандықтан жұмыс барысында ешқандай қиындық тудырмайды. Осы салаға келгеніме 1996 жылдан бері 26 жыл болыпты. Біздің мекеме Түркістан облысында жұмыс жасайтын «Оңтүстік Транзит» мекемесіне бағынады. Тасымалдау, техникалық жағдайлар мен нұсқауларды сол мекемеден аламыз. Келісіп, ауызбіршілікпен ынтымақты түрде жұмыс жасап келеміз. Өзіме келсем 1985 жылы Құмкент ауылындағы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектепті бітірдім. Мектеп бітірген соң Шымкенттегі қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы институтқа құжат тапсырдым. Алайда оқуға түсе алмадым. Одан ауылда әртүрлі жұмыс жасадым. Келесі жылы әскер қатарына шақырылып, Германиядан бір-ақ шықтым. Әскерден оралған соң 1988-93 жылдары Ресейдің Новосібір қаласына оқуға түсіп, оқып бітірдім. Новосібірде оқып жүргенде «Қазақстан жастары» ұйымын басқардым. Қызылорда, Жамбыл, Шымкент және өзге облыстардың жастары болды. Екінші курстан бастап бітіргенше



ұйымның жетекшісі болдым. Кейін өзбекстандық Диаров Рашид деген азаматқа табыстадым. Ұйым жастардың көші, жерлестер көші, мәдени-спорттық шаралар, ақын-жазушылармен кездесулер, концерттік бағдарламалар өткізетінбіз. Өзіміздің мөріміз, грамоталарымыз болды. Новосібір Мәскеу мен Ленинградтан кейінгі ірі қала. Ресейдің үшінші қаласы-Сібірдің астанасы деп атайтын. Сол қалада метро болатын. Жалпы Орта Азияда тек Ташкентте еді ғой. Осыдан отыз бұрын он станциясы бар еді. Қазір енді шарықтап көбейіп кеткен шығар. Қалада 17 жоғары оқу орны болды.

1993-1994 жылдары Новокузнецк қаласындағы металлургия комбинатында қамтамасыз етуші болып жұмысқа қабылдандым, -деп Берік аз-кем ойға шомып үнсіз қалды. Расында қазақтың қаршадай баласы оқуға түсе алмай қалдым деп тауы шағылмай, оқу іздеп Ресейдің өзі танып білмейтін қиян түкпіріне жол тартуы, одан күллі өзге жұрттың ортасында қайсарлықпен оқып, білімін шыңдап келуі де туа бітті қанға біткен жігер мен келешектегі бітім-болмыстың қайнар көзі болса керек.

«Иә, расында алғашқыда қиын болды. Оның үстіне Алматы қаласындағы желтоқсан көтерілісінің де зардабын көрдік десек артық болмас. Содан менің алдымнан кәсіпкерлік сала көлденең тұрды. Ең бірінші кәсіпкерлік, бизнес саласында жүргенім, Шу совхозынан шыққан алғашқы кәсіпкер Әлжанов Ерғали ағамыздың «Тама» фирмасында жұмыс жасадым. 1996 жылы «Қарабура» кесенесін қайта қалпына келтіру, реставрация күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізілді. Сонда сол жұмыстың басым бөлігіне осы Ерғали ағамыз қаржылай қолдау көмегін көрсетті. Одан кейін Атымтай деген ағамыз «Домалақ ана» (Нұрила) кесенесін жаңғыртты. Сонда мен сол кесенелердің жарықтандырылуына Новокузнецкіден келіп жұмыс жасадым. 2004-2008 жылдары М.Әуезов атындағы университетте сырттай оқыдым. Оның себебі мен Новосібірдегі инженерлік институттың экономика факультетін бітіргенмін. Кейін осы энергетика саласына келгеннен кейін мамандығыма қатысты кедергілер кездесе бастады. Сосын осы оқу орнына түсіп, білімді жетілдіргім келді. Және де солай болды. Одан да бері әртүрлі жұмыстармен Атырау, Алматы, Қапшағай қалаларында лотпен, тендермен жұмыс істеп келеміз. Қазір біздің жігіттер Алматыда, Сарығашта, Шымкент қаласының Достық деген жерінде 5-6 айлық көлеміндегі жұмыстарды істеп жатыр. Әрине, уақтылы, сапалы бітіруге тырысамыз. Бізде қыс, жаз деген мезгіл болмайды. Мысалы, бүгінгі күні жерде тоң түсіп жатса да жұмыс атқарып жатырмыз. Осы бүгін ғана Бәйдібек ауданының Боралдай деген елді мекенінде 150 отбасының жаңа жайға қоныстануларына жұмыс жасап жатырмыз. Жыл аяғы болған соң өткізу-қабылдау жұмыстары қатар жүріп отырады. Әкем Көшеров Нағымет Құмкент, Калинин кеңешарларында бас инженер, гостехнадзор болып қызмет атқарған кісі. Кейін жоғарыда айтқанымдай Арыс ауданына бас инженер болып ауысты. Анам Көшерова Меңеш ауруханада, балабақшада аспазшы болды. Ата-анамыз адал еңбек етіп, балаларына жақсы тәрбие бере білген жандар. Құмкенттегі бірге оқыған кластарым, қатар-құрдастарымды бөле жармаймын. Олар менің ең жақын достарым. Бәріміз бала күнімізден бірге өстік, балабақшада, мектепте бірге оқыдық. Бірге ойнап асыр салып балалық шағымызды бірге өткіздік. Мектеп бітірген соң әскерге кеттік. Кластарымыздың ішінен бес жұл ұл-қыз бір-бірімізбен отбасын құрдық. Соның бірі мен кластасым Есенгелдиева Жанар есімді аруға үйлендім. Балаларымыз анасы. Мамандығы медсестра. Отбасында Нұргүл, Келбет, Ажар атты аяулы қыздарым, Ермек атты ұлымыз бар,-дейді қарапайым елжанды азамат өз от-

басын таныстыра отырып. Айлин, Амира, Дарина атты немерелерінің шуақты күлкісіне шомылып елдің ақ батасы мен ақжарма тілегіне ие болып жүрген атпал азамат, ауыл-аймағының сыйлы перзенті Берікғани Көшеров сияқты жерлестерімізді мақтан тұтамыз. «Арғымақ аттың құйрығы-әрі жібек, әрі қыл. Ер жігіттің белгісі-әрі мырза, әрі құл» демеуші ме еді дана халқымыз. Бұл тәмсілдің мағынасына үңіле қарасаңыз, ауылдасы мен қандасына қолдағы барымен мырзалық танытып, ал еңбек еткенде Берік секілді ер жігіттің құлша адал жұмыс жасап, көпке үлгі өнеге болуын мансұқтап отырған жоқ па!

2017 жылы Құмкент ауылдық округі әкімінің қолдауымен және ауыл жастарының ұйымдастыруымен дәстүрлі воллейболдан және кіші футболдан ересектер арасында ауыспалы «Наурыз кубогы-2017» турнирінің ашылу рәсімі Қ.Сәтбаев атындағы мектеп гимназиясында өткені есімде еді. Аталған шараны ұйымдастырушы ауыл жастары мен демеушілік жасаған кәсіпкер азаматтардың ішінде Көшеров Берікғани бауырымыздың есімі аталғанын білетін едім.

«Ұжым облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың, өз салаламызға қатысты орындардың түрлі марапаттауларына ие болды. Осының бәрі қасымдағы жаныма жалау болып жүрген жігіттердің, ұжымның еңбегі деп білемін. «Жалпы ағаш орман болмас», «Жаяудың шаңы шықпас» дегендей жеңістер мен жетістіктер адал еңбек, ынтымақ пен бірліктің жемісі. Жалпы біздің ұжым энергетика саласы бойынша республикада алдыңғы үштіктің ішінде тұр. Оның ішінде бағалау салықтық түсім бойынша сарапталады. Сондықтан біздің ЖШС алғаш рет елімізде «Сапа жылды» аталымын, одан «Жыл адамы» аталымын иелендік. Сонымен қатар, біз үшін ең жоғары награда «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісі болды,-дейді еңбекқор, кішіпейіл азамат.

«Мен де өзге жұрт сияқты елдің істегенін істедім. Айрықша елден бөлек қопа-рып тастадым деп айта алмаймын. Және асып-тасығанымнан емес, Алла тағаланың құдіретімен, көрсеткен ізгі жолымен жасадым. Жұртқа жақсылық істеген, қуаныш сыйлаған, жақсы емес пе?! Біреуге демеу берген, көмек қолын созған, жақсы сөз айтқан жақсылықтардың жақсысы деп білемін. Бір жетістікке жетсек, елге пайдамыз тисе, елдің игілігіне жұмыс жаса-сақ деген бала қиял бәрімізде де болды. Былайша айтқанда батыр болсақ, ер азамат болсақ дедік. Сол бір Алланың қалауымен бала арманымыз орындалды деген осы шығар. Қолымнан келгенінше еліме, жұртыма қызмет ете беру басты мұратым,-дейді жаны жомарт жақсы жігіт!

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «КАТКО» БК» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «Мойынқұм кен орнының №2 Төртқұдық учаскесі оңтүстік бөлігінде салынатын «КАТКО» БК» ЖШС уран өңдеу кешенін салу» жұмысжобасының мүмкін болатын әсерлері туралы есеп;

2. Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы;

3. Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылы 19 қаңтарда, сағат 11.00-де, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі бойында 16, әкімдік ғимаратындағымәжіліс залында өтеді.

4. Жоспарланған жобаның бастамашысы: «КАТКО» БК» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, 060 квартал, 44 ғимарат. БСН: 981040001439, тел/факс: 8(7252) 99 54 99.

5. Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС. Мекен-жайы: Алматы қ., Бұқар Жырау 33, «Женіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, электрондық пошта: office@antal.kz.

6. Жобалық құжаттамамен <https://ecorportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lang=ru> танысуға болады.

7. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күннен кешікпей мына электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: ecorportal.kz; ulugbek.iskakov@areva.com.

Объявление

ОО СП «КАТКО», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях Рабочий проект «Строительство перерабатывающего комплекса урана в Южной части залежей участка № 2 Торткудук месторождения Моинкум ТОО СП «КАТКО»;

2. Территория воздействия: Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район;

3. Общественные слушания состоятся 19 января 2023 года в 11.00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, село Шолаққорған, ул. Жібек жолы 16, в малом зале заседаний здания Акимата с. Шолаққорған.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО СП «КАТКО». Адрес: Республика Казахстан, Туркестанская обл., Сузакский район, Тастинский о.о., с. Тасты, квартал 060, здание 44. БИН: 981040001439, тел/факс: 8(7252) 99 54 99.

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г. Алматы, Бұқар Жырау 33, БЦ «Женіс», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: o.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/>, а также сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lang=ru>

7. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ecorportal.kz; ulugbek.iskakov@areva.com.

Улы газдан сақтанайық!

Улы газдың түсі мен иісі болмайды, бірден сезілмейді. Газ улы күйін сақтап, ауамен араласып тез тарайды. Ол тыныс алу кезінде өкпеден қанға өтеді, онда гемоглобинмен қосылады. Соның салдарынан қан тіндерге оттегі беру қасиетінен айырылады және ағзада оттегі жетіспеушілігі пайда болады. Бірінші кезекте ми зақымдалады, адам денсаулығының жалпы жағдайына байланысты басқа ағзалар да зақымдалады. Тыныс алатын ауада улы газ құрамы жоғары болғанда адамның басы ауырып, тұншығады. Улы газ көп шоғырланғанда адам денесі сал болып қалады және есінен танады, сөйтіп 30 минуттан кейін мерт болады. Ал мұндай жазатайым оқиғадан сақтану үшін улы газбен улану белгілерін алдын ала білген жөн. Мәселен, бас айналу, бас ауру, лоқсу, құсу, құлақтағы шуыл, демікпе, жөтел, көздің жасаурауы сияқты белгілер сізді алаңдатуы керек. Зардап шеккенде адамның жүйкесі қозады, кейбір жағдайларда керісінше әлсіздік, ұйқышылдық басады. Вестибулярлы аппарат жұмысы бұзылады (тепе-тең-

дікті жоғалту, қозғалыс үйлесімділігімен байланысты проблемалар), есту, көру қабілетінің нашарлауы, т.б. секілді белгілер естен тануға себеп болады. Орта ауырлықтағы және ауыр улану кезінде жүрек тамырлары жүйесінің жұмысында проблемалар туындайды. Аритмия пайда болады (тамыр соғысының біркелкі емес екенін байқайсыз); артериялық қысымы түседі, дене температурасы төмендейді. Мұндайда адамға дереу алғашқы көмек керек. Ол үшін жеңіл уланғанда адамды таза ауаға шығару жеткілікті. Алайда, оның жағдайы жақсарғанша бақылауда ұстаңыз, уақытында көмек көрсету үшін, кез келген өзгерістерді белгілеп отырыңыз. Ал ауыр улану және орташа ауырлықтағы улану кезінде адамды ауруханаға жатқызу керек. Сәйкесінше, дереу жедел медициналық жәрдем шақырту керек.

Б.ӘЛИЕВ,
Созақ ауданындағы №11 ӨСБ-нің бастығы азаматтық қорғау майоры.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсеке-лестік пайда болған жерлерге

рақорлық дертімен жиі бетпелі келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызмет-

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәселе күн тәртібінен түскен емес. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық па-

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда

тердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағлымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу керек.

Арман ЕДЕНБАЕВ,
Аудандық кірістер басқармасы салықтық бақылау және өндіріп алу бөлімінің басшысы.

Бірлесіп күресейік

Сыбайлас жемқорлықпен күресу-Қазақстанның бүгінгі күнді күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен тұрашылдықты ту өткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға жиырма жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, тамырын тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел

экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтас-тығымен, ажырама бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол - Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы №11 ӨСБ-нің бастық орынбасары азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сексеуілді сақтайық!

Табиғатты аялау әрбір адамның парызы

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, көбінесе тұрғындардың, орманда демалушы азаматтардың кінәсінен болатыны тұжырымдалған. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрету үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады. Әр орман шаруашылығы орманды өрттен қорғау жоспарын жасайды. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын түгелдей бөлімшелерге бөледі де схемаға кіргізеді. Схемада көлік жолдары, тұрғын үй пункттері, қардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын тұрғылар, хабар қабылдайтын пункттері, өрт шығы қауіпі бар объектілер белгіленеді. Өрт қауіпсіздігі құрлығының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру сынды қызметтер белгіленеді. Сексеуілді қорғау-әр азаматтың міндеті. Дер кезінде, сапалы жүргізілген өрт қауіпсіздігінің шаралары орман сияқты халық байлығын өрттен аман сақтап қалуға ықпалын тигізеді. Табиғатқа шығып, таза ауада демалушы аудан тұрғындарына айтарымыз, қоршаған ортаны қорғау ережелерін қатаң сақтағандарыңыз абзал. Себебі, табиғат адамзаттың басты байлығы болып табылады!

Сәбит ӘДІЛБЕКҰЛЫ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман күзет-қорықшысы.

Байлығымызды бағалайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әртүрлі белсенділікпен жанады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әртүрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі- сөндіріс қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыз, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады.

Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Ел байлығы сексеуілді қорғау, әрқайсымыздың басты парызымыз.

Қанат ӘБЕНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің аға орманшының көмекшісі.

Азаматтарға айтар аналық ақ алғысым шексіз

Қыземшек кентінде 32 жылдан бері тұрамын. Жолдасым Сыздықов Жандыбайдың жұмыс бабымен алқашқы кезде Тасты совхозына көшіп келгенбіз. Құдайдың берген 1 қыз 6 ұл баласын дүниеге әкелдім. 1 қыз 2 ұл шетінеді. Қалған ұлым аман-есен. Үлкен балам Райс көп жыл бойы РМД-да слесарь-ремонтшы болып жұмыс істеді, қазір ГРХК «Инкайда» слесар болып 14 жылдан бері еңбек етіп жатыр. Екінші балам Нұрлан ЦАПБ-да 27 жыл бойы слесар машина жөндеушісі

шинасын тастап «ауыл осы тұстау» деп жобалап жолға шығады. Біз үйде ұйықтай алмай машинаның дүрлі шықса «Рауан келді!» деп далаға шығып қараумен, түнгі 2 болды. Мен телефонымды алып Таңатаров Нұржан деген оператор балаға (малымыз, жайылымыз ортақ) қоңырау шалып болған жайды баяндап, әлі келмегенін айттым. Ол аздаң жолаушы болып кетіп бара жатқанын, баласы мен мал жайылымында отырған Әбілдаев Талғат деген жігітке қазірден бастап іздеу-



СТВ да. Үшінші ұлым Рауан да 20 жылдан бері өндірісте адал еңбек етіп келеді, 5 баласы бар. Жақсы еңбек еткені үшін көп мақтау қағазы, қабырғаға іліп қоятын теледидар, қол күресіне қатысқаны үшін жеңіске жеткеніне түрлі сыйлықтар берген. Мен сол Рауан баламның қолындамын. Өзім көп жыл бойы «Ақдала» заводында жұмыс жасап зейнетке шықтым. Қазір 1-топ мүгедегімін. Айтайын дегенім Рауан деген балам бас болып, бәріміз басқа балаларыммен ақылдасып ортадан 5-6 жылқы жинап, өсіріп, әйтеуір ішіп-жемге, балашағаларына ризық, несібе болсын деп өсірген болатын. Ірі қараның ішінде аяқты жылқы малын, вахтадан шыққан соң, Рауан балам қарап жүретін. Өткен жолы қараша айының соңғы күні сол жылқылардың қай жақта жатқанын қарап келемін деп, ескі уазигіне толтырып бензин құйып, күннің жел тұрып, қар жауып тұрғанына қармай әйеліне айтып, сағат азанғы 11-лерде Қыземшектен 70 шақырым жердегі «Меруерттің биік қырқаларын» шығып кетеді. Діттеген жеріне барып дүрбімен қараса, жақын жерден жылқылар көрінбейді. Одан тағы да шығыс жаққа Көкшетауды беттеп 60-70 шақырым жерді машинамен аралап шығады. Еш мал көрінбейді, сол кезде қатты боран болып, табан жолын қар үріп жаба бастайды. Рауан адасады. Сөйтіп машинасының майы таусылып тұрып қалады. Балам қатты әбіржіп жаурап отын іздеп жағып «ұйықтап кетсем өліп қаламын» деп азанға дейін от жағып қалғанда қамын ойлап таң атуын күтеді. Үйден алып шыққан үш жапырақ наны болса таусылуға жақын. Басқа кезде малға шыққанда термосқа шай ұйып алып, жолға деп піскен ет, жұмыртқа пісіріп, азық-түлігін бір пакет етіп алып шығатын. Бүгін табан астында барып қайта саламын деп үстірт шыққанына өкінді. Ма-

ге шығатынын айтып мені жұбатып жатыр. Аздаң сағат 8-00 полицияға хабар бергенімде ол Созақ ауылында екенін тез арада келетінін айтты. Мен Рауанның бастығы Ерманов Ақпанға хабарлап, «Уазик» машинасына бензин құйып беруін өтіндім. Олар менің балдақпен өздігімнен жүре алмайтынымды, егер бір нәрсе болып қалса жауап беретінін айтып «Уазик» машинасына үш полицияны мінгізіп жолға шықты. Сонымен шұғыл іздестіру барысында балам Рауанды тауып әкелді. Балам азаннан кешке дейін 20-25 шақырымды жаяу жүріп отырып, іздеушілерге кезігіп табылғанына қуандым. Баламның бастығы Ерманов Ақпанға, «Ақдала» автобаза бастығы Қайрат Қалапбергенұлына, Маханов Мұратханға, аппаратшы Шоқанов Бағдатқа, 18 волонтерге және полиция бөлімі қызметкерлеріне, Ордабек Жанболатқа, Әбдірахманов Нұржанға, Әбілдаев Талғатқа, тастылық Келесбаев Мұрат балама, Әбсаматұлы Дастанға, Сергейұлы Нұрланға, 19-да жұмыс істейтін Қолдас ұлдары Ғалымбай мен Әлімбайға, Қашқынов Еркін, Мыңжасар Біржанға жалпы аты аталған, аталмай қалған барлық азаматтарға аналық алғысымды жеткізім келеді. Ерманов Ақпан есімді балам немерелеріме компьютер әкеліп берді. Қайрат есімді балам баламның көлігін қияннан сүйреп әкеліп көмегін көрсетті. Қалайша риза болмайын! Отбасында ардақты анамын. Келінім Гүлсара Әбілдақызы жағдайымды жасап, барын аузыма тосып, маған қарап отыр. Барлығымыз баламыздың табылғанына шексіз қуаныштамыз. Барша азаматтардың отбасына бақыт, береке тілеймін. Жақсылықтары жақсылық болып құдайдан қайтсын! Өмірлері ұзақ болып, балашағаларының рахатын көрсін дегім едім.

Ұлжан ОТАРОВА,
Қыземшек кентінің тұрғыны.



Өнегелі әже, өнерлі немере

Республикалық Ардагерлер ұйымының 35 жылдығы аясында Созақ аудандық аналар кеңесі мен Шолақорған ауылдық әжелер алқасының ұйымдастыруымен «Әже мен немере-шаңырақтың шуағы» атты әжелер байқауы өтті. Байқауда әжелер өз өнерлерімен, қазақтың ұмытылып бара жатқан қолөнерімен, немерелерге айтқан тәрбиелік мәні бар ертегілерімен көзге түсті. Бірі әуелетіп ән салса, бірі ұршық иіріп, арқан есті, қозы, лаққа көген дайындады. Өздерін көрермен-

ге таныстырды. Сайыста 1-орынды Дүйсебаева Құрманкүл, 2-орынды Дүйсенова Орынқыз, 3-орынды Құдиярова Дүйсенкүл иеленді. «Шебер әже» Исабекова Жұмакүл, «Өнерлі әже» Жайлауова Гүлшарбат, «Мейірімді әже» Құдайбергенова Мейрамкүл, «Өнегелі әже» Бейсенбаева Оразкүл әжелеріміз түрлі аталымдарға ие болды. Сайыста «Сырлы Созақ» ардагерлері хор ұжымының мүшелері Имәнбек Мұхамед-Әли, Садуақасов Қошқарбайлар әуелетіп ән салып,

әжелердің көңілін одан әрі көтеріп тастады.

Ұлттық тәрбиеге назар аударып, отбасының ұйытқысы болып отырған әжелердің орны ерекше. Балаларын жеткізіп, немере тәрбиесіне көңіл бөліп отырған аналар аман болсын. Сайысқа қатысқан әжелер дипломдармен және заттай сыйлықтарымен марапатталды.

Рысты РАЙЫМҚҰЛОВА,
Аудандық аналар кеңесінің төрайымы.

«Өшпесін тарихы қазағымның»

Сусында білімнен күннен күнге,
Тарихты білу деген үлкен жүлде.

Тарих білу міндет екен бәрімізге,
Керек десек жасымыз бен кәрімізге.

Мектебіміздің өндірістік жоспарына сәйкес 2022 жылдың 5-9 желтоқсан аралығында «Тарих. Тағлым. Тәуелсіздік» атты тарих апталығы өтті. Апталықтың мақсаты өткен тарихи туралы мәлімет бере отырып, тарих сабағының маңыздылығын ұғындыра білу, оқушылардың салыстырмалы түрде ойлау, ой түйіндеу, өзіндік пікір қалыптастыру, қабілеттерін дамыту. Өткен күннен өнеге ала отырып, болашаққа бағдар жасай білуге, тарихын құрметтеп, қадір тұтуға тәрбиелеу. Іс шара барысында 5-11 сыныптың оқушылары арасында түрлі сайыстар өтті. Атап айтқанда 5-6 сыныптар арасында «Мен азат елдің ұланымын» атты қылқалам шеберлерінің байқауы өтті. 7-8 сыныптар арасында «Тарих. Тағлым. Тәуелсіздік» атты монолог оқу жарысы өтті. 9 сыныптар арасында «Кім тапқыр» интеллектуалды сайысында 9 ә сынып оқушысы Атажан Теміртас жүлделі бірінші орынды алды. 10 сыныптар арасында өткен «Тарих өткенге сабақ, келешекке өнеге» атты сахыналық қойылым барысында Тәуелсіздік, Алжир, Желтоқсан оқиғасын оқушылар жоғары деңгейде орындап шықты. Тарих



пәнінің мұғалімдері тарапынан ашық сабақтар, белсенді оқушылар қабырға газеттерін және Тарихи тұлғаларға буклет, рефераттарын арнады.

Сонымен қатар мектебіміздің пән мұғалімдер арасында да «Тапқыр ұстаз-2022» сұрақ-жауап сайысы өтті. Сайыстың қорытындысы бойынша бірінші орын информатика пәні мұғалімі Қ.Керімқұлова мектеп директорының мадақтамасымен, бағалы сыйлықпен марапатталды. Апталық жабылуына мектеп мұғалімдеріне семинар өтіп тарих бірлестігінің жетекшісі Г.Жанғазиева «Тарих сабағын сындарлы оқыту» атты баяндама оқыды.

Анар БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.